

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
«Бұқпа!» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап газетті аласыздар. Уақытты өткізіп алмаңыз!


Қазақстан Республикасы бойынша
ИНДЕКСІ – 64743
1 айға қалада – 390,59;
ауылдық жерлер үшін 1 айға – 409,21

Ақмола облысы бойынша
ИНДЕКСІ – 65450
1 айға қалада – 367,59;
ауылдық жерлер үшін 1 айға – 386,21

«Қазлошта» акционерлік қоғамының байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.

ҚАЗАҚ БОЛСАН, «БҰҚПАҒА» ЖАЗЫ, «БҰҚПАНЬ» ОҚЫ

Қайыржанның жемісті жетпіс белесі



Көкше елінің абыройлы да, ардақты азаматы Қайыржан Аманжолұлы Ахметжанов жетпіс жасқа толып, саналы ғұмырының биік белесіне шығып отыр. Осы жылдар ішінде жинақтаған бай тәжірибесін өңірдің өркендеуіне жұмсалып, ауылдың да түлеуіне, кәсіпкерліктің де өсіп-гүлденуіне, кербез табиғат аясының көздің қарашығындай сақталып, қорғалуына арналды. Зейнет жасына шықса да, қоғам жұмысынан қол үзбей, салуауаты өмір салтын насихаттауға белсенді үлес қосып жүр. Мерейтой иесін Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев, қала әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық табиғатты пайдалану басқармасы, «Қоғамдық көлісім» мекемесі, «Ел бірлігі» қоғамдық бірлестігі, қалалық ардагерлер кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар құттықтады. Қайыржан Аманжолұлының облыс орталығының экономикасына, өсіресе, табиғатты қорғауға сіңірген еңбегі ескеріліп, Көкшетау қаласының Құрмет грамотасымен марапатталды. Ел үмітін абыроймен ақтап жүрген нар тұлғалы азаматты мерейтойымен тағы да шын жүректен құттықтап, деніне саулық, баянды да, бақытты ғұмыр тілейміз. Асыл жарыңыз айдан Серікқызы әкеуіңіз бақыттың бақшасында шаттыққа бөленіп, ұрпақтарыңыздың қызығын көріңіздер.

Еңбекпен өрнектелген өнегелі өмір

Ақмола облысының әкімі Ермек Боранбайұлы Маржықпаевтың құттықтауы



Құрметті Қайыржан Аманжолұлы!

Көкше өңірінің абыройлы да сыйлы азаматы сізді 70 жасқа толуыңызбен құттықтаймын! Атақты Біржан сал елінде дүниеге келіп, бар саналы ғұмырыңызды адал еңбекпен өткізіп келісті өмір жолыңыз бүгінгі және келер ұрпаққа өнеге болары анық.

Өз еңбек жолыңызды қарапайым жүргізіші болудан бастап, өңіріміздің ауылшаруашылығы дамытуға, қоршаған ортаны және табиғатты қорғап, мақтау ісіне лайықты үлес қостыңыз. Шаруа қожалығын басқарып, ауылшаруашылығы өндірісін дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткіздіңіз.

Ақмола облыстық табиғатты пайдалану басқармасына қарасты «Бұқпа» орман шаруашылығын ұзақ жылдар бойы басқарып, туған өңіріміздің орман-тоғайы қорының мөлшері мен сақталуына шынайы жанашырлықпен қарап, аса жауапты міндетті абыройы атқарып құрметке бөлендіңіз. Сіз «бір түп ағаш көссен, он түп ағаш отырғыз» деген қағиданы берік ұстана отырып, өзіндік басшылығыңызбен жаңадан отырғызылған ағаш көшеттері қазір жайқалып, ну орманға айналды. Сонымен қатар, «Астана-Бұрабай» автобаны бойына ағаш отырғызу ісіне де белсене қатысып, қажырлы еңбек еттіңіз.

Сіз Қазақстанның бокстан чемпионы ретінде жастарымызға дене шынықтырумен айналысып, жүгіру мен шаңғы тебу және суға жүзу арқылы салуатты өмір салтын ұстанудың тамаша үлгісін көрсетіп келесіз. Бұл өнеге аларлық және сүйсінерлік жай деп өспөтеймін.

Бүгінгі мерейтойыңыз құтты болып, абыроймен жеткен жетпіс жасыңыз қайырлы болсын. Сізге зор денсаулық, ердайым амандықта болып, ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, сау-саламаттылықта жасай беріңіз!



Ел үмітін ақтаған кемеңгер тұлға.

3 бетте



Арманға жеткізген Үмітім.

8 бетте



Теперіштің күйін кешіп отырған қазақ ауылдарының тағдырын кім ойлайды.

2 бетте

Тұрғын үй бағасы арзандай ма?

Ірі құрылыс компаниялары тұрғын үй нарығындағы бағаны бұйымда өздері қояды. Ал пәтерлер бағасының өсуіне құрылыс материалдарының құны ғана әсер етпейді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі салыстырмалы жатқан үйлердің бағасы мен сапасының арақатынасын сақтау қажеттілігі туралы мәлімдеді, деп хабарлайды.

Министрдің айтуынша, кейбір мердігерлер ресурстары мен қажетті техникасы болмаса да ірі тендерлерге қатысады. Бұл жүйені өзгерту керек. Ведомство бірқатар қажетті құжаттарды дайындады.

«Адамдардың сапалы нәтиже талап етуі заңды. Сондықтан, тұрғын үй құнын төмен түсіріп, сапасын қамтамасыз етуге дұрыс емес. Бұл тепе-теңдікті сақтау керек. Құрылыс компаниясына осы шектегі төлемге сапалы тұрғын үй салуға мүмкіндік беріміз керек», – деді ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев. Инфрақұрылымды салу қосымша уақытты қажет етеді. Қазақстан Құрылысшылар одағының төрағасы функциялардың бір бөлігін мемлекеттен «Атамекен» кәсіпорнына палатасына беруді ұсынады. Тағат Ергалиевтің айтуынша, нарық заңы ғана жағдайды түзетін алады. Тұрғын үй бағасын ұстап тұру өрекеттері қазір тиімсіз.

Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы «Алау» балаларды оңалту орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталған келісімге сәйкес профессорлық-оқытушылық құрам өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу бағытында қолдау көрсетеді.



Қоғамның сәтті дамуының көрсеткіші

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы бірнеше бағытта ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отыр:

- Жаңа жылға, наурызға, балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
 - орталықтың кітапхана қорын қалыптастыруға қолдау көрсету;
 - балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған үйірмелер ұйымдастыру;
 - қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне арналған тақырыптық кездесулер, оқу кештерін өткізу;
 - қазақ әдебиетін зерделеу жөніндегі оқу-әдістемелік әдебиет орталығының қызметкерлерімен бірлесіп, көке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеудегі әдебиеттің рөлін әзірлеу және басып шығару.
- «Алау» орталығында оңалтудан өтіп жатқан балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту проблемасына көп көңіл бөлінеді. Іс-шаралар олардың жас ерекшеліктерін, психологиясын ескере отырып жасалады.
- Бірлескен жұмыс барысында кафедра оқытушылары мен орталық тәрбиешілері инновациялық технологиялар

мен заманауи әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерін қолданады. Интерактивті әдіс-ойындармен қатар рухани өлемді байытуға, тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға және көкжиегін кеңейтуге бағытталған библиотерапия, ертегі терапиясы қолданылады.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясының «Алау» балаларды оңалту орталығымен ынтымақтастығы – өліміздің дамуы мен нығаюына қосқан үлесі, өйткені үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Балалар – мемлекет пен адамзаттың болашағы. Олардың бақыты – қоғамның сәтті дамуының көрсеткіші, табысты болашақтың кепілі.

А.ТЕМІРБОЛАТ,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.МЕКЕБАЕВА,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.